

№13 (895) 2 сәуір 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет

ARDAK.KZ  
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса  
«Ватсан» арқылы тәуліктің кез-келген  
уақытында мына байланыс телефоны  
арқылы жолдай аласыздар:  
8 (778) 115-15-25  
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475



## ТҮРКІСТАНДЫ БҮКІЛ ӘЛЕМГЕ ТАҢЫСТЫРУҒА ШАҚЫРАМЫН

Мемлекет басшысы  
Қасым-Жомарт Тоқаев  
Түркістанды бүкіл әлемге  
тәнисстыруға шақырды.  
Бұл туралы ол Түркі  
тілдес мемлекеттердің  
бынтымақтастық қеңесінің  
бейресми саммитінде айтты,  
- деп хабарлайды Tengrinews.  
 kz тілшісі.

«1992 жылы Анкарадағы  
алғашқы кездесу кезінде Елбасы  
туркі елдерінің басшылары  
бұдан ері қасиетті Түркістанда  
бас қосатынын айтқан.  
Түркістан - бүкіл түркі халқы  
үшін қасиетті орын, құтты

шашырақ.  
Оздеріңіз білетіндегі, біздің  
ата-бабамыз ұлы ұстаз Қожа  
Ахмет Ясаудін діни білім  
алып, түрк іслам мәдениетін  
бүкіл жаһанға таратқан. Түркі  
халқы Кіші Азияға бет алғанда  
осы құндылықтың бері тұп-  
тамырымызды сақтауға және  
куш-жігерімізді нығайтуға негіз  
болды. Біздің мақсатымыз -  
түркі әлемін XXI ғасырдағы  
маңызды экономикалық,  
мәдени-гуманитарлық  
кеңістіктердің біріне айналдыру.  
Мен түркі еркениетін

жаңғыртуды ең алдымен  
Ясауди мұрасы мен қасиетті  
Түркістандың бүкіл әлемге  
тәнисстырудан бастауга  
шақырамын. Сондықтан бүгінгі  
саммит «Түркістан - түркі  
әлемінің рухани астанасы» деп  
аталады. Елбасы Нұрсұлтан  
Назарбаевтың бастамасымен  
Түркістан қаласы түбектейлі  
өзгеріп, жаңа келбетке ие бол-  
ды», - деді Тоқаев.

Нұр-Сұлтанда Мемлекет  
басшысы Қасым-Жомарт  
Тоқаев қатысқан Түркі тілдес  
мемлекеттердің ынтымақтастық

кеңесінің бейресми саммиті  
өтіп жатыр. Бұған дейін  
жынын барысында бауырлас  
мемлекеттер арасындағы  
сауда-экономикалық, мәдени-  
гуманитарлық салалар бойын-  
ша ынтымақтастық және оны  
одан ері дамыту мәселелері  
талқыланатыны хабарланаған  
болатын.

Саммит корытындысы бойынша  
түркі елдерінің мәдени  
құндылықтарына және Кеңестің  
мәртебесіне қатысты Деклара-  
ция қабылданады деп жоспар-  
ланып отыр.

## САПАРБАЕВТЫ 16 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ КҮЗЕТЕ МЕ?



Соңғы кездері бюджеттің  
ақшасын онды-солды  
шашатын шенеуніктердің  
әрекеті жиі жарияланып,  
қоғамның ашу-ызасын  
тудырып жүр.

Мәселең сағаван.kz сайты шенеуніктер пандемия  
кезінде бюджеттің ақшасын  
қалай онды-солды шашып жатқанын сөз етілгі.  
Нақтырақ айтсақ, «Жамбыл облысы әкімінің аппара-  
ты» КММ құзет қызыметіне  
мемлекеттің бюджеттеген 16  
164 285 теңге жұмсаған.  
Аталған қаржыны алған  
құзет мекемесі Жамбыл облысы әкімінің резиденция-  
сын құзеттетін болады.

Бір қарғанда әкімдіктің  
сақтанып, әрекет етуінде  
ешқандай әбестік жок болуы  
мүмкін. Оның үстіне 16 млн  
теңге - «Қазақ еліне мың  
тағызым» (158 млн теңге)  
және «Біз біргеміз» (197  
млн теңге) монументіне  
жұмсалған қаржыдан  
әлдекайда аз. Былтыр  
Бердібек Сапарбаев өзі

сән-салтанатпен ашқан қос  
монументке 301,3 млн теңге  
қаражат жұмсаған болатын.  
Аталған қаржының жаңында  
16 млн теңге қайыршыға  
беретін садаға секілді болып  
корінеді.

Бір қызығы мемлекеттік  
сатып алу порталауда  
жарияланған лоттың сипат-  
тамасында құзетшілерде  
мылтық пен тапанша болуы  
тайға таңба басқандай жазы-  
лыпты. Мұздай қаруланған  
құзет қызыметкерлері аумақты  
құзеттіп, резиденциядағы  
адамдарды тәулік бойы  
қорғауы керек. Сондай-ақ  
техникалық сипаттамада  
арнайы құралдармен және  
қару-жақақпен жабдықталған  
құзет қызыметкерлерінен  
тұратын мобильді жедел  
әрекет ету тобы қажет  
екендігі көрсетілген.

Бердібек Сапарбаевтың  
облыста қос бірдей рези-  
денциясы бар. Оның бірі  
Тараз қаласындағы №5  
орта мектептің жаңында  
болса, екіншісі Гродико-  
во ауылының іргесінде  
орналасқан. Құпия дерек  
көздің айтуынша, қаладағы  
резиденцияның қызығын  
облыс әкіміне ең жақын  
басшылар көретін көрінеді.  
Мұны біз облыс әкімімен  
ілесе келген шенеуніктер  
шығар деп түсіндік. Сондай-  
ақ ол құзет қызыметіне  
бөлінген 16 млн теңgeden  
бөлек ас-суға және тағы  
да басқа қажеттіліктерге

миллиондал қаржы ауда-  
рылатынын ескертті. Қос  
бірдей монументке 301  
млн теңге шашқан әкімнің  
әрекетінен кейін бұған әрине  
таңғалмаймыз.

Бірақ бізді Бердібек  
Сапарбаевтың жеке  
қауіпсіздігі үшін 16 млн  
теңге жұмсаған отырғаны  
қызықтырып отыр. Құзет  
мекемесі аталған қаржыға  
қос бірдей резиденция-  
ны құзете ме, жоқ әлде бір  
ғана ғимаратқа қарай ма,  
ол жағы анық жазылмаған.  
Бірақ бізге бір белгісі құзет  
қызыметкерлерінен тұратын  
мобиЛЬДІ жедел әрекет  
ету тобы 16 млн теңгеге  
жыл бойы резиденцияны  
құзетпеуі мүмкін. Өйткені  
жоғары санаттағы ері мұздай  
қаруланған құзет мекемесі  
бұдан әлдекайда қымбат  
бағада қызымет көрсетсе  
көрек-ти.

Еуропаның көптеген бас-  
шылары Германия канцлері  
Ангела Меркель секілді  
дүкенге өзі барып, көшеде  
емін-еркін жүреді. Ал біздің  
елде мемлекет басшысын  
айтпағанда, облыс пен аудан  
әкімдерінің дүкен аралағаны  
былай тұрсын, тіпті көшеден  
көрмейсін. Әлемге әйгілі  
Ангела Меркель емін-еркін  
көшеде жүргендеге қазактан  
басқа тірі жан баласы таны-  
майтын Бердібек Сапарбаев-  
ты жау ала ма?

Серік ЖОЛДАСБАЙ

ШЫҢҒЫС МҰҚАН: ШЫМКЕНТ  
НҰР-СҰЛТАН МЕН АЛМАТЫНЫ  
ҚУЫП ЖЕТЕДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ  
БАСЫП ОЗАДЫ



Ушінші мегаполис  
әкімінің бірінші орын-  
басары Шыңғыс Мұқан  
Шымкент қаласы Нұр-  
Сұлтан мен Алматыны ба-  
сып озатынын мәлімдеді.  
Бұл туралы ол Facebook  
парақшасында жазды.

Хрущевтің «Америка-  
ны қуып жету және оны  
басып озу!» деген ұранын  
окулықтардан оқыған болар-  
сыз.

Бұл ұранды Корея да  
ұстанған көрінеді: «Жа-  
понияны қуып жету және  
оны басып озу!» «Догнать и  
перегнать Японию!».

Бұл ұстаным Шымкенттің  
ұранына да айналған ба-  
дерсіз... «Нұр-Сұлтан мен  
Алматыны қуып жету және  
оларды басып озу!».

Бас қалалардың  
арасындағы байсалды  
бәсекелестік ел игілігіне  
қызымет етері сөзсіз.

Астана болған қалаларда  
жасалатын, бірақ Шымкентті  
жасалмайтын ота түрлөрі  
барышылық. Солардың бірі  
және сұранысқа иесі - жаңа  
әдістермен әндопротездеу.

Жас ұлғайғанда жам-  
бас немесе тізе буынын-  
да дегенеративті өзгеріс  
болады. Ата-әжелеріміз  
аксандаң, таяққа сүйеніп  
қалатыны содан. Сонында  
тіпті жүре де алмай қалады.  
Дәрі-дәрмек көмектеспейді,  
тек қана буынын ауыстыру  
қажет. Титаннан жасалған  
материалды сүйекке бекітіп  
ота жасаған соң адам бір  
айдан кейін қайта жүріп  
кетеді.

Шымкент қаласының  
әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы  
бас дәрігерлерге бізде  
жоқ ота түрлөрін игеруді  
тапсырған болатын.

Германияның Гиссен және  
Марбург университеттік  
клиникасының проректо-  
ры, профессор R. Schnettler  
пен Ресейдің атакты  
травматолог-ортопеді,  
медицина ғылымдарының  
кандидаты Д. В. Римашев-  
ский Шымкент қаласында  
алғаш рет «Эндопротез және  
остеосинтездердің өзекті  
мәселелері» атты ғылыми-  
практикалық семинар  
өтеді, біздің оташыларды  
үйретеді.

Эндопротездеудін  
құны 1 200 000 тг тұрады.  
Мемлекеттің қамқорлығы  
сол, бұл ота халыққа тегін  
жасалады.


Бұрын мұндай операция  
тек қана Алматы және Нұр-  
Сұлтан қалаларындаға тегін  
жасалатын.

Казақтың аяулы ақыны  
Ханбій Есенқарақызы  
екі жыл бұрын Алматыда  
буынын ауыстырып келгенін  
білемін.

Енді бұл операция  
өзімізде жасалатын болады.

Шымкентте біраз сала-  
ларда өзгеріс болып жа-  
тыр. Постарымда жазып  
та отырын. Бірақ өзгеріс  
онай болып жатқан жоқ.  
Өзгеріс менеджментінің  
бір гуруы өзгерісті әуеге  
көтерілген үшаққа тенегені  
бар. Оған бұлттар әсер  
етіп, турбуленттік бола-  
тынында, өзгерістер өз  
бийгінен көрінгенше сілкініс  
жалғасады. Кейде үшақ мо-  
торына қиқулап үшкән жыл  
құстары кіріп кетеді.

Бірақ өзгеріс болады.  
Оны ешкім тоқтатпақ емес.  
Шымкент Нұр-Сұлтан мен  
Алматыны қуып жетеді  
және оларды басып озады,-  
деп жазды Шыңғыс Мұқан.



## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ҚҰНЫ 2,5 ТРЛН ТЕҢГЕ БОЛАТЫН 115 ЖОБА ЖУЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ



Түркістан облысында алдағы екі жыл көлемінде 2,5 трлн теңге болатын 115 жоба жүзеге асрылады. Бұл — туризм, құрылыш, оңдеуши өнеркәсіп, баламалы энергия және жасақ экономика саласындағы жобалар, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Оңірде сонымен қатар соңғы 2 жылда шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатындардың саны 15 мыңға артып, 141 мыңға жеткен.

2020 жылы облыс кәсіпкерлері құны 554 млрд теңгенің өнімін өндірген.

Был бұл көрсеткішті 900 млрд теңгеге жеткіземіз деп отыр. Мәселен, облыс орталығы болғалы бері Түркістан қаласында құрылыштардың бәсендеген емес.

Киелі шаңдарда «мәдени-рухани» және «әкімшілік іске керіл оралығы» болып, екі бағытта дамыған келеді.

Кезінде Елбасы өзі казығын қағып, жоспарының берген осы екі орталықтағы арқылардың барлығы қазір аяқталып, пайдалануға берілді.

Одан білек, мұнда түрғын үй құрылышы да жаңданып келеді.

2019 жылы шаңдарда 150 мың шаршы метр түрғын үй тапсырылса, ал биыл 390 мың шаршы метр түрғын үй ел ігілігіне берілді деп жоспарланған.

Бұдан білек, жана жобалар да жүзеге асрылып жатыр.

«Жаңа жобалар басталып, 20 қабатты 2 түрғын үйдін құрылышы жүргізілуде. Одан білек, 18 қабатты бизнес орталықтары және каскетті 16 үйдін құрылышы басталды. Жеке салушылар есебінен 5 қабатты үйлер, СПК арқылда да құрылыш жүргізілп жатыр. Биылдың жылға облыс көлемінде 790 мың шаршы метр түрғын үй алғына тапсырылымыз көрек», — деді облыстық құрылыш басқармасының басшысы Тоқтар Үспалиев.

Түркістан облысы құрылған екі жағынан үздік жағынан өнірінде 3,5 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл 2008 жылмен салыстырында 27 есе көп.

Жеке инвесторлардың қаржысы есебінен Түркістан қаласында бірнеше жобалар іске асрылады. Жуырдаған жаңадан салынған халықаралық өзекілдік косылды.

Назарет Sultan Aigort-ынан Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына әуе ресейтері үшуда.

Еліміздің өзге қалаларына, шет елдерге, сонын үшінде Түркіяның Ыстамбұл қаласына әуе ресейтері ашилды.

Халықаралық өзекілдік ағылшын 450 жолаушының кабылдап, жылына 3 млн жолаушыға қызметті корсете алады.

Өзекілдің үшү-кону жолағының параметрі барлық әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бірнеше жобаларынан заманауи өзекілдік авиация саласында халықаралық үйлімдердің, атап айтқанда ИКАО мен ИАТА-ның кодтары берілген.

Жаңа өзекілдік түркі әлемінің алтын бесіре – Түркістан қаласын әлемінің ірі қалаларымен жағастыратын байланыс желісіне айналмак.

Облыс орталығында бүгінде сондай-ак, бес жұлдыздың конактарында үйлер де бой көтеруде.

Соның бірі ретінде Hilton by Hilton Turkistan конактін реальное ашылуын айттуға болады.

«Бұл ен алдымен стратегиялық маңызды салға үлкен үлес. Туризмді дамыта отырып, Түркістанға келген конактар халықаралық деңгейдегі қызыметтің коллежіміді бағамен пайдалана алады. Сонымен қатар, конакті

## СЕНАТ ДЕПУТАТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУДЫ ҰСЫНДЫ

«Жаңандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәрінде – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған парламент туралынан көзінде сенатор Бақытжан Жұмагұлов әлеуметтік желілер туралы заң қабылдауды ұсыйнан деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ тілшісі.

«Коронавирус індепті көзінде экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да көтерлерге қоса жағымсыз идеологиялық «вирустар» да тараға бастады. Жалған ақпараттар сол «вирустар» әлеуметтік желілер арқылы шұғыл таратып жібереді. Соңықтан әлеуметтік желілер

туралы заң қабылдауда қажет деп білеміз», — дейді Бақытжан Жұмагұлов.

Депутаттың айтуынша, жаңа заң сөз бостандығын шектеу үшін емес, әлеуметтік желі жүйесін заннама түрғысынан реттеу үшін және құрылтайшылардың заң алдындағы жаупашалығын көтеру үшін қажет.

«Жаңандану көзінде кейбір жастар шетелдің жағымсыз құндылықтар ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Мәжбурлайтын емес, сананың улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Осылайша жаһандық конгнитивті технология

бұкарапалық санаға әсер ету құралына айналып отыр», — дейді ол.

Еске сала кетсек, бұған дейін сенат депутаты Ақылбек Күрішбаев жер реформасы жөніндегі комиссияның бірінші отырысында Қазақстанда ауыл шаруашылығы жерлерін жекенін меништігін емес, мемлекетке тиесілі болу керек деп мәлімдеме жасаған еді.

«Жер мәселесінің қатысты менің жеке пікірім: Қазақстандағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер тек мемлекеттің күзырында болуы керек», — дейді сенатор.

Нұр ТӨРЕБЕК

**ШЫМКЕНТЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ**

Шымкент қаласында инвестициялық жобаларды жедел түрде қарап, инвесторларға жан-жакты қолдау көрсететін қала әкімінің басшылығымен инвестициялық штаб құрылды. Штабтың міндеті – инвестор үшін ерекше жағдайларды қамтамасыз ету бойынша нақты шешім қабылдауда.

Қала әкімі Мұрат Әйтебов торағалық еттегі штаб құрамына қалалық басқармалар, аумақтық департаменттер мен монополистер кіреді. Эр жұма сайын еттегі штаб отырысында, инвесторлармен zoom платформасы арқылы байланыс орнатылып, әкімшілік кедергілердің жою, қолайлы жағдай орнату жөнін үйлестіруді жұмыстары жүргізіліп отырады.



откен жылы инвестиция колемі 41 пайызға осіп, 278,5 млрд.тгнеге жеткен. Ал, алдағы бес жыlda қалада барлық бағыттар бойынша 3,7 трлн. тенгеге құрайтын инвестиция тарту жоспарлануда.

Шымкент қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

Жалпы қала экономикасы үшін денсаулық, тұрғын үй, қайта өндеу өндірісі мен агроөнеркәсіптің кешен секілді базалық секторларға инвестициялар тартуга ерекше назар аударылып отыр.

Айта кетейік, Шымкентте кәсіпкерлікке қолдау көрсетіліп, инвестиция тартуга басымдық беріліп отыр. Соның нәтижесінде

## ТҮРКІСТАНДА ЕШКІМГЕ КӨРСЕТІЛМЕГЕН ЕКІ ФИЛЬМГЕ 30 МЛН БӨЛІНДІ



ДАУА АЛМАДЫҚ, ЕГЕР ОЛАР ШЫНЫМЕН ТҮСІРІЛГЕН БОЛСА, ОНДА СІЗ ОЛАРДЫ КӨРГЕНИЗДЕ НЕМЕСЕ ДОСТАРЫҢЫЗДЫН ҚАРАП ОТЫРҒАНЫНА СЕНИМДІСІЗ БЕ? ОСЫ ФИЛЬМДЕРДІ ТҮСІРУГЕ 30 МЛН БӨЛІНГЕНІНЕ БІР РИЗАМЫЗ, – ДЕП АТАЛ ӨТТИ МАМАНДАР.

Телефонға түсірілген екі минуттық бейнематериалдар үшін, сондай-ак күрделі түсірілмемен бір сағаттық фильмдер үшін қала әкімдігі 30 млн тенге төлей алғындығы атап етілді.

Литер Түркістан қаласының әкімдігімен байланысқа шығып, осы бейнежағалардың кай жерде көруге болатындығын анықтап білді.

Бұған Туристерге қызметтің көрсету орталығының директоры Ерасыл Телебаев екі фильмді де Визит-орталықта қаланың мультимедиалық экранында көруге болады деп жауап берді.

Ол фильмдер қаладағы өзгерістерді, же келеген мәдени және басқа нысандарды бейнелеу үшін түсірілгенін, ол кала қонақтары мен тұрғындарының қызықтыруы мүмкін екенін айтты. Сонымен қатар, қаланың тарихи-мәдени бөлігі туралы фильм ежелгі Түркістан қаласының мәдени мұрасымен танысада өте маңызды рөл атқарады, деді Орталық басшысы.

Екі фильм де үш тілде көрсетілген.

Түркістан қаласының әкімдігі екі фильмге 30 млн тенге болған, деп хабарлауды liter.kz .

2020 жылдың желтоқсанында Түркістандағы туристерге қызметтің көрсету орталығы екі фильмге тапсырыс беріп, ақысын төлеғен.

Біріншісі қаланың құрылышына арналған, оған 15 млн-нан астам ақша төлеңген. Екінші «Тарих – археология» деп аталған фильмге 15,9 млн тенге болған. Бұл туралы ProTenge.kz портальында жарияланды.

– КОЛ ҚОЙЫЛГАН АКТІЛЕРГЕ СӘЙКЕС ФИЛЬМДЕР ТҮСІРІЛГЕН, ШОТТАР ТӨЛЕНДІ, БІРАК БІЗ ОЛАР-

ДАУА АЛМАДЫҚ, ЕГЕР ОЛАР ШЫНЫМЕН ТҮСІРІЛГЕН БОЛСА, ОНДА СІЗ ОЛАРДЫ КӨРГЕНИЗДЕ НЕМЕСЕ ДОСТАРЫҢЫЗДЫН ҚАРАП ОТЫРҒАНЫНА СЕНИМДІСІЗ БЕ? ОСЫ ФИЛЬМДЕРДІ ТҮСІРУГЕ 30 МЛН БӨЛІНДІ

## ОРДАБАСЫ АУДАНЫНДА САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІН ДАМЫТУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР



Денсаулықта пайдасы көл-көсір жер асты суын Ордабасы ауданында емдік мақсатта пайдаланып, сауықтыру туризмін дамыту көзделіп отыр, деп хабарлайды Ardag.kz, Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызыметіне сілтеме жасап.

Баспасөз қызыметі таратқан ақпараттарға қарағанда, облыс әкімі Өмірзак Шөкев Ордабасы ауданында колға алынған жана жобаларды қолдады. Бөген ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның ескі ғимаратын жерасты минералды суын тиімді пайдалану мақсатында жанға дауа, дертке шипа іздегендегі үшін оналту-сауықтыру орталығы ретінде қолдану көзделеді. Екі қабатты ғимараттың жалпы аумағы 14 мың шаршы метрді құрайды. Осылайша ауданда шипалы табиги минералды су көздерін пайдалану ісі дамиды.

Түркістан облысының әкімі Өмірзак Шөкев жұмыс сапарымен Ордабасы ауданында болып, бірқатар нысандарды арапады. Облыс басшысы іс-сапарын Шұбарсу ауылындағы құрделі жөндеуді қажет ететін Б. Нұрлебеков атындағы жалпы орта мектептің жағдаймен танысадан бастады. Білім беру нысаны 2004 жылы іске қосылған. Қазіргі таңда мұнда 2 мыңнан астам бала білім алуда.

Ордабасы ауданы бойынша жалпы 65 мектеп бар. Облыстық бюджет есебінен 6 мектептің құрылышы жүргізілді.

Сапар барысында облыс басшысы

Шұбарсу ауылындағы жекеменшік емхананың жұмысымен танысты. Ауысының 250 адам қабылдауға куатты медициналық мекемеде 125 азамат тұрақты жұмыспен қамтылған. Ауданда 51 денсаулық сактау мекемесі бар.

Облыс әкімі экспортпен айналысатын жылыжайда болды. Екі гектарға қызынан, кияр есірумен айналысатын азаматтар облыстың ғана емес, республиканың бірқатар қалаларын қамтиды. Ордабасы ауданында жылыжайдын жалпы аумағы 87 гектарды құрайды, оның 21 гектары ондірістік жылыжай. 66 гектары фермерлік шаруашылық. Шұбарсу ауылында быттың 15 гектар жылыжай аумағы құрылғып, өтініш берген азаматтарға үlestірліді. Биыл жылыжай қөлемін тағы 20 гектарға арттырудың көзделеді. Өткен жылда осы жылыжайларда 10 мың тоннага жұық өнім өндірілген.

Аудан әкімі Нұрбол Ұтрашбеков облыс басшысын Боралдай су қоймасының жобасымен таныстырыды. Сұғармалы жердің көлемін ұлғайты, ағын су мәселесін шешу мақсатында Ордабасы ауданында жүйелі жұмыс жүргізілді. Аудан аумағында жалпы ұзындығы 800 шақырымнан асатын 87 канал бар. Оның 215 шақырымы өткен жылы канал механикалық тазалаудан өтті. Жұмыстар жалғасуда. Нәтижесінде егістік алқаптардың сұғарылуы жақсарды.

Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан Facebook әлеуметтік желісіндегі паракашасында қала бюджетінен Наурыз мерекесін тойлауға қанша қаржы қарастырылғаны туралы жазды.

«...Наурызға қанша ақша қаралды?» Жалпы, мәдениетке қанша ақша қаралдыдан бастайыкшы. 3 млрд. теңгеден сәл-ақ асады. Быттың Шымкент қаласының бюджеті 456 млрд. теңге болса, мәдениетке болінген қаржы 1%-ға да жетпейді екен.

Содан кейін кайдағы креатив экономика! Кайдағы мәдениет!

Ал енді ол қаржыға 2 мыңға жуық қызметкер айлық алып отырған 19 мекеме бар.

Іс-шара өткізуге жылда 600 млн. тг қаржы қаралды. Быттың да, биыл да, аргы жылы да



## ШЫҢҒЫС МҰҚАН: НАУРЫЗГА ӘКІМДІК БІР ТИҮН ТӨЛЕГЕН ЖОҚ

солай.

Өткен сессияда 572 млн. тг қаралды. Оны Наурызға сонша ақша жұмысалды деп алакашты дүрмекке ілескендер! Бір білмей шапқыласа, біреулер әдей маздатады.

Шыны керек, ол ақша әлі Мәдениет басқармасының есеп-шотына түскен жоқ. Құні бүтін Наурызға әкімдік бір тиын төлеген жоқ. Наурыз аясында өткен іс-шараларды үйімдестерушілар өз қаражатына жасады. Ертең, соуір айында әр мекеме тиынына да дейін санап, құжаттарын тапсырады. Аса ұқытылықпен қабылдан аламыз. Ешкімнің екі басы жоқ. Соңынан қаншама тексеріледі. Бюджеттің ақшасы ойнайтын зат емес.

Сонымен, Наурыз мерекесі аясында 103 іс-шара отті. Наурызға 213 млн. тг қаралды, бірақ әлі төленгендегі жоқ. Ертең құжаттарымен қабылдан алғанда әлі де нақтыланады.

Ал енді осы ақша желгі шұғытты ма? Жоқ, әрине. Мәдени іс-шараларға қатысушыларға айлық болды, конкурстардың жәнімпаздарына сыйлық болды, әйттеу каланың экономикасына қайта құйылды.

Осы жерде кейібір азаматтарға карыңқ ашады. Қадімгі ақыл тоқтатқан азаматтар істің байына бармай, айқайға айтак қосып жатқаны таңқалдырыды. Ноам Хомскіндік «қоңылдайтын санаасын манипуляцилау теориясы» іс жүзінде көрініс тауып, манипуляторлардың құрығына ішіп қалып жатты. Біреулер белгілі бір жұмысын мақсатын орындау үшін тасадан тасатса, екінші біреулер (арасында өзім танитын тұлғалы азаматтар да бар) босқа шанты. Ақпараттық лас технологиялардың қолданып жүріп өздері де кірілдеді. Бірақ мың алғы! Әр нәрсениң қайыры бар. Өстіп жүріп біздін Наурыз жобамызынан, Шымкенттен басталатын наурызымыздың даңқ-дақылтын асырды. Ел жаһарланды.

Айтпақшы, осы Наурызда бүкіл қазак еліне «Наурыз Шымкенттен басталады» деп шақырылды. Қалың бұқараны магнитте тартатын жыл сайынғы дәстүрлі символдық шара болды. Халық келді. Келгендеге қандай! Әдете

мереке-демалыстарда 30-40% әрен тола-тын конакүйлер 80-100% толды. Әйтпесе, Шымкенттің қонақүйлерінде 7 мыңнан астам төсекорын бар.

Әзімде тарай адам хабарласты. Орын тауып берсе алмадым. Бірнеше таңысым үйіме қонып кетті. Бірер құнғе жалға алуға пәтер де табылмады. Мен деген мейрамханаларда да орын болмады. Шымкенттің Наурызға шамадан 30-50 мың адам келді. Тек қонақүйлердің мүмкіндігін есептегендеге. Ағайын-тұмасына қонып, пәтер жалдагандарды есепке де алмадық.

Жалпы, Наурыздың экономикалық әсері 1 млрд төнгендей асты.

Енді кеше маган рестораторлар мен бірер қонақүйдің басшылары шықты. Келер жыны Наурызда осы форматта жағластырымызыды сұрайды. Одан біrek әр мезгілде бірегей көрмелер мен фестивалдер өткізіл түрүді өтінеді. Бұдай айналыс алғанда шымкенттіктердің наурызға сай инфрақұрылымын камдап алғандағы жетістіктерін көрсөзідер!

Жалпы алғанда, кейбіреулердің айтағына еріп, тойға кеткен қаржыны сана-сана (оны санаитын органдар жетеді). Наурыз сәтті шықты, ізгілік жолындағы жұмысымыз жалғасын табады. Шымкентте Наурыз тойы жылдан жыла жақсы еттегінен сенім мол! Бұйырса, адамдар он күндік Наурызы Шымкентте тойлау үшін бірнеше ай бүрүн қонақүй брондан, қамданатын болады. Енді жақын желекке оранған жыл-жылы шырайлы қаладағы жадырлар-жайнаң жүрген жандарды, улан-шулап мәз-мейрәм болып жүрген бала-ларды көз алдыңызға бір сәтке елестетіншіз. Осы тойдан кәсіпкерлер табысқа мольнан кенеліп жатса, қаламыз туристерге толы болса, косымша жұмыс орындары ашылып, бюджеттің кіріс артса, тек Шымкент емес, ігілігін бүкіл еліміз көріп, дастүрлі тойымыз әлеуметтік-экономикалық даңума қызмет еттегі болады. Наурыз тойының мақсаты той тойлау емес, қаламыздың дамуына сеп болу» деп жазды Шыңғыс Мұқан.

Әділ БАЙБОЛ



Жалпы, астана әкімдігі пандемия басталғалы бері пропагандада 1,3 миллиард теңге жұмысған.

Әлеуметтік желілердегі Ras Aitamup зерттеу арнасы елорда «қызыл аймаққа» еніп, коронавирус індегі өршіп жатқан тұста астана әкімдігінің мемлекеттік бағдарламалар пропагандасы мен вируспен күресті БАҚ-та насиҳаттау үшін бюджеттен 287,5 миллион теңге жұмысамақ жоспарын анықтады, деп жазады qazaqtimes порталы.

Порталдың жазуынша, астана әкімдігі пандемия басталғалы бері пропагандада 1,3 миллиард теңге жұмысған.

«Мемлекеттік саясаттың әлеуметтік маңызды және басым бағыттарын іске асыру, оның ішінде коронавирус инфекциясымен күрес жайлы газете және басылым сайтында ақпараттық материалдар аэрірлеу» атты тендерді елорданың активтер мен мемлекеттік саясип алып басқармасы жариялады үйімдестерінің тұрақтарынан кейін басылауға қалып, сынға алынған Қазақстан халқы ассоциацияның іс-шаралары мен

Тендер орыстілді және қазақтілді басылымдарға арналған екі лоттан тұрады. 287 млн 510 мың 428 теңге орыстілді және қазақтілді басылымға тендей болынбек. Тендерді ұтып алған басылым ен алдымен елбасы, президент, парламент, үкімет, елорда әкімдігі мен мәслихаттың жұмысы және президент жолдаудағы міндеттердің іске асып жатқанын насиҳаттайтыды. Сонымен қатар «денсаулық сактау саласындағы (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуін жақсарту, медициналық білім беруді модернизациялау) мемлекеттік саясаттың әлеуметтік маңызы және басым бағыттарын іске асыру мен елордада короновирус инфекциясына карсы қабылданып жаткан іс-шараларды, коғамдық сактық шараларды, халықтық вакцинациялауға ақпараттық қолдау» көрсетеді.

Өтін беруші тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен әбден жауыр болып, тізесі шықкан бағдарламалар – «Еңбек», «Нұрлы жер», «Нұрлы көш», «Рухани жаңғыру», т.б. жайлы макалалар жариялады.

Астана әкімдігінен тұнеген көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі балалары бар аналардың алдына шығуға жарамаған, уәждерін тұндаған Қолғіновтің

әкімдігі «Халықтың әлеуметтік осал топтарын, ана мен баланы қорғауға арналған шаралар» мен «Тындаушы мемлекет» тұжырымдамасы жайлы материалдарға да тапсырыс беріп. Сонымен қатар ақпарат құралының өткізуінде 287 млн 510 мың 428 теңге орыстілді және қазақтілді басылымға тендей болынбек. Тендерді ұтып алған басылым ен алдымен елбасы, президент, парламент, үкімет, елорда әкімдігі мен мәслихаттың жұмысы және президент жолдаудағы маңызды жағдайынан кейін басылауға қалып, сынға алынған Қазақстан халқы ассоциацияның іс-шаралары мен

«Мәңгілік Ел» үлттық патриоттық идеясын және азаматтық ұстаным бойынша қазақстандық бірекейлік пен бірлікті насиҳаттайтыды. Өнім беруші ішкі саясат басқармасының тапсырысымен маалалар негізінде 10-30 секундтық бейнероликтер әзірлеп, YouTube платформасында жариялады.

Әлеуметтік желілердегі Ras Aitamup зерттеу арнасы елорда «қызыл аймаққа» еніп, коронавирус індегі өршіп жатқан тұста астана әкімдігінің мемлекеттік бағдарламалар пропагандасы мен вируспен күресті БАҚ-та насиҳаттау үшін бюджеттен 287,5 миллион теңге жұмысамақ жоспарын анықтады, деп жазады qazaqtimes порталы.

Порталдың жазуынша, астана әкімдігі пандемия басталғалы бері пропагандада 1,3 миллиард теңге жұмысған.

«Мемлекеттік саясаттың әлеуметтік маңызды және басым бағыттарын іске асыру, оның ішінде коронавирус инфекциясымен күрес жайлы газете және басылым сайтында ақпараттық материалдар аэрірлеу» атты тендерді елорданың активтер мен мемлекеттік саясип алып тапсырыс





# ЛОТЕРЕЯ ҰТЫСЫН ЖАРНАМАЛАҒАН ӘҢШІЛЕРДІН ҮСТИНЕҢ АДВОКАТТАР ШАҒЫМДАНЫП ЖАТЫР



Тағы бір адвокат Абзал Құспан бұл мәселеге қатысты өз пікірін білдірді.

Алматы қалалық адвокаттар алқасы өз әріптестерінің негізін сottalып жеткенін айттып, дабыл қаты. Бүгін 20-ға жуық коргаушы, заңгерлер адвокат Тілеужан Кішкенебаевқа қысымды тоқтатуды талаап етті. Белсенді топ өкілдері бұл істің артында белгілі әңшилер, құқық коргау органдарының қызметкерлері тұр деп есептейді. Себебі елдеңі белгілі эстрада әңшилері күмәнді лотерея ойындарын жарнамалап, пандемия кезінде халықты үтіттеген. Осы іс бойынша жәбірленешілердің коргаған адвокат үшінші бір құштердің өзіне қарсы әрекет жасап отыр деген пікірде.

«Былтыр пандемияға дейін бірқатар танымал әңшилер роза әлқожа, ақбота керімбекова, ернар айдар, жазира мен жанболаттар лотерея үйімдастырып және түрлі ойын ойната бастаған еді. Әңшилер жарнама жасап, каржы пирамидаларына ұқсас, күмәнді дүниелерге халықты легімен тарта бастаған. «Инвестиция құйсаңыздар ақшанызы өселең қайтарып аласыздар. Мәселен, 300 мың салсаныз, 450 000 мың қылыш аласыз. Ал 6,5 салсаныз, 13 миллион ұтып аласыз» деп алаяқтық іс жасаған. Сонында әңшилердің жарнамасының кесірінен үйімдастырушылар қарапайым халықты

200 000 000 теңгеге(екі жүз миллион теңгеге) сан соктырды. бұл істі қолға алған тілеужан кішкенебаев жәбірленуші тараптың қорғаған және әңшилер мен үйімдастырушы тараптың кінәлі екенин дәлелден сotka тартқан. Ен сораксы сол әңшилер, үйімдастырушылар, прокурор, судьялар бірігіп адвокатқа қысым қөрсетіп отыр. Ал осының бәріне қатысы бар үйімдастырушы тарап алған заң жүзінде жазаланбай, бостандықта жүр», — дедінген хабарламада.

Адвокат Кішкенебаевтың өзі бүгін БАҚ екілдеріне істің мән-жайын былай баяндап берді. Ол 2017 жылы кезекші адвокат ретінде белгісіз бір азаматты қорғағанын жоққа шығармайды. Яғни ішкі істер органдарының қызметкерлері оны тергеуге шақырып, КР КПК-тің 67 бабы негізінде адвокаты жоқ күдікті азаматты қорғауды сұраған.

«Иә, 2017 жылы мен бұл іске қатысқан соң, ақы төлеу туралы қаулы негізінде ақша алды. бірақ ол жалған іс екенін әшкере болып, 2018 жылы бұл іс бойынша кінәлі тұлға анықталып, яғни жедел үкіл сottalып, жасасын алған болатын. Бірақ 2021 жылы бұл істі қайтадан жандандырып отыр. мен лотерея ойнатып жүрген әңшилерге қатысты істің тергелмей жеткенін айттып, бірнеше судья, прокурорлардың үстінен шағымданған болатынын. Енді бұрынғы өтіп кеткен бір істен шикілік

іздел, менің үстімнен іс қозғатып отыр. Мен судьялардың өз деңгейінде қызметтің атқармай жүргенін айттып, тәртіптік комиссияға шығарғанмын. содан кейін сот казыларына қатаң ескерту, сөгіс жарияланған болатын. прокурорларға қатысты өз деңгейінде ісін атқармай жатыр деп, шағымданған кездерім болды. Олар да жеке қауылар шығарылған еді. осы әрекеттерім үшін мен енді қысым көріп отырмын. Осыдан 4 жыл бұрын жабылып қалған істі қозға арқылы менің адвокаттың қызметтімді шектеуге әрекеттер жасалып жатыр», — дейді тілеужан кішкенебаев.

Тағы бір адвокат Абзал Құспан бұл мәселеге қатысты өз пікірін білдірді. Ол Кішкенебаевқа қарсы тараптың сенімді өкілі. Яғни әңшилер Роза Әлкожа мен Ақбота Керімбековаға заңгерлік ақыл-кенесін беріп жүргенін айтады.

«Тілеужан кішкенебаев 2017 жылы мемлекеттің қаражатына қол салған. Ол полиция қызметкерлерімен бірге, жалған күдіктілердің тауып, оның сыртынан іс қозғап, соны қалған корғап, сосын сotka жолдамай істі жабу тасілімен жұмыс істеген. Сол үшін бюджеттеген 32 мың теңге алған. Бұл ішкі істер органдары қызметкерлерінің статистикалық қөрсеткіші үшін жасалған болуы керек. Адвокаттың сыйбайластырының біреуі 2018 жылы сottalады. Тағы бір поліция өкілі мен тілеужан кішкенебаевқа биыл наурызда алату аудандық соты үкім шығарып, айыппұл салған. онымен қоса адвокаттың қызметтіне шектеу қойған», — дейді абзал құспан.

Бірақ өзіне қысым қөрсетіліп отыр деген корғаушы:

«Қылмыстық процессуалдық кодекстің 210 бабы бойынша, күдіктінің жеке басын тек тергеуші фана анықтайты. Сондықтан мен өз жұмысымды өз деңгейінде аткардым, өзіме тиеселі 30 мың теңге жалақымды алды. мен биыл тергеушілер алдаң шақырып алып, тергеуге тартып, өзімді «алаяқтық» бабы бойынша негізін кінәлап отыр. Ал сол іске менің қатысы болса, құқықкоргау қызметті 4 жыл қайда қалған», — дейді.

Адвокат Абзал Құспан әріптесінің өзі шатасып отыр деп санайды. Бұл жерде көс әнші ұтысты үйімдастырушылармен келісімшарт негізінде көлік және пәтер ойнатуды

жарнамағаны рас. Олар инстаграм паракшаларында пост жазып, тиісті қаражаттарын алған. Тиісінше ұтыс ойынының нәтижесінде қатысуышылар көлікті де, пәтерді де алған. Яғни иелерін тапқан. Осылын бұл іс бітті. Әңшилерге ешқандай шағым жок, дейді белгілі адвокат.

«Екі ай болды осы адвокат роза әлкожа, ақбота керімбекова және жанболат пен жазираның атын атап, қылмысқа қатысы бар деп, өзі алайқтық бабы бойынша істі болып отырғанына осы әңшилердің кінәлап қояр емес. бүтінгі баспасоз мәслихатында не айтқанын білмеймін, роза мен ақботаның сенімді өкілі ретінде істі қолға алды. Бұл екі әншінің үстінен ешқандай қылмыстық іс қозғалмаған.

Алада бағанағы үйімдастырушылар алмас, мәді деген жігіттер инвестицияға ақша салындар деп, елді үттеп, басқа шаруамен айналысып кеткен. Олардың әрекеті әшкере болып, қылмыстық іс қозғалады. Ал адвокат тілеужан кішкенебаевқа осы әрекеттегі жапа шеккен азamatтар хабарласып, корғауды сұраған болуы керек. Сондықтан әңшилердің екінші іске қатысы жоқтығы белгілі болды. Олар күзегер ретінде тартылғаны рас. бірақ тілеужан деген әрітесіміз бірнеше ай болды, оларды негізінде айытап, қоғамды дүрліктірін токтатар емес», — деді Абзал Құспан.

«Біз бұл мәселені айтпай-ақ кояйық деп едік, өздері бак беттерінде, әлеуметтік желіде резонанс жасап жатыр. Енді біз де тілеужанды сотка беруге дайындалып жатырмыз. шындыққа сәйкес келмейтін ақпарат таратқаны үшін жауапқа тартатын боламыз», — деді жоғарыда аты аталаған әңшилердің сенімді өкілі.

Жалпы КР Конституциясының 13-бабында мемлекет адамдардың құқықтарын қорғауды тегін қамтамасыз етеді деп қөрсетілген. Қорғаушылар КР КПК-нің 67-бабы бойынша қылмыстық істерге барып, адвокаты жоқ азаматтарға мемлекет кепілдік берген заң көмегін қөрсетуге міндетті. Ал адвокаттың қызметтімін әткенде, бірақ заң талаптарын бұзбадым деген Тілеужан Кішкенебаев Алматы қалалық сотына аппеляциялық шағым түсірген.

**Ришат АСҚАРБЕКҰЛЫ**

## ҚАЗАҚСТАНДА ЖАЗЫЛГАН ЕҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰРАН КІТАБЫ ТАБЫЛДЫ



Қазақстанда жазылған ең алғашқы Құран кітабы Түркістаннан табылды. Бұл туралы аударма жұмыстарымен айналысып жеткен түркістандық дінтанушы-теолог, заңгер консультант Серік Ергебеков мәлімдеді, — деп хабарлайды aigak.kz тілшісі. Кітаптың жазылған жылы мұсылманша хижра жыл санауды бойынша — 124 жылға сәйкес келеді, ал міләди жыл санағы бойынша — 741 жыл.

«Бұл Құран кітабы хижра санағының

2 ғасыры, миләди санағымен 8 ғасырда жазылған. Эрине, бұл кітап елі күнге ғылыми не кәсіби зерттеледі. Мемлекеттік тапсырыс бойынша кітап толық зерттеле жатар. Бұл мәселе тонірегінде өз кезегінде ғалымдар мен мамандар өз пікірлерін білдіреді деп ойлаймын. Дінтанушы, көнежазбаларды зерттеуші маман ретінде оқыған жаңалығынмен халықпен белгіліді жөн санауды. Алайда қолжазбадағы қөрсетілген жылнамасымен жазба мәтіндері бойынша есептегендеге осы жоғарғыда қөрсетілген қөрсеткіш пайда болды. Сол себепті де осындағы жаңы жаңалықпен белгіліді жөн көрдім», — дейді Серік Ергебеков.

Бұл қолжазба кітап қазақтың исламды жаптай қабылдаудың себеп болды деп санауды жүрген Талас-Атлах шайқасынан тұра 10 жыл бұрын жазылған. Тәніршіл, Шығыс Түрік қағанатының 10-шы қағаны Білге қағанның 2-ші ұлы Білге Құтлұқ қағанның билік құрган заманына тұра келеді. Алайда бұл кітап жазылғанда дейін 27 жыл бұрын 714 жылы Қазақстанның онтүстігіне Құттайба ибн Мұсілім діні астарлы соғысын

жүргізіп, дінді біршама насыхаттап кеткен уақыты болатын. Сол себепті де бұл кітапты «Түркінің, Қазақ даласының ең алғаш жазылған Құран кітабы» деп айтуда лайықты. Сондықтан бұл кітаптың Қазақ халқы үшін ете құнды дерек екендігі даусыз. Бұл қожазба Қазақстанға Ислам дінінің таралуына байланысты біраз тарих беттерін кайта жазуға себебін тиғізір анық. Ислам дінінің Қазақ дала-сыны таралуы тұраудың өзге де фактілер мен факторлар бар. Ол мәселелердің дінтанушы алдағы уақытта жариялайтын болады.

Дінтанушы Серік Ергебековтің айтудың қолжазбада нұсқасында Құран кітабының Түркістанның жаңындағы Қарнак елінде жазылғандығы мәлім. Қарнак қаласы не ауылды емес, «Бұлдан Қарнак» Қарнак елінде деп атап жазылған. Тайқазаның да сол Қарнакта жасалғанын ескерсек, 8 ғасырда Қарнак өркендер жайнап тұрған үлкен бір іргелі ел болғанын аңғартады.

Құран кітабын қөшіріп жазып шыққан адамының есімі — Молда Ешмұхаммед.

Құранның жазылу стилі сол 8 ғасыр жазуына сай келеді және де жазылған

уақыты колжазбада анық жазылған. Қолжазба Құрандың қөшіріп жазған адамның сол кітаптың соңғы парашасына қыскаша жазған дұға тілектерімен олең шұмағымен келтірілген.

Хатымда айып көпдүр! Көп көтімді, өзімді сөк! Алайда сөкпе атамды. Садақаллауылға газыйм. Хатымда айып көпдүр, айып қылма Оқығанда дұғаменен ұмытпа! Уа садака Расулауынан ан-наби. Әтәрәки болсаңыз дұғада сіздер Құдайым жарылқар сахыбы итмизлер Сізді-бізді жарапткан бір Құдайым Кешке-күндіз болыңыз бірлөх хәлім Оқысан бұл хатымды әй жараптадар Дұғада болыңыз сахыбы Құрандар Қалам жондым, хат хаждым рузқар Өзім елсем хатым қалған ядигар Қалам жондым, хат жаждым, үшбу хатым.

Мұны жазған — Молда Ешмұхаммед есім атым.

Қазіргі таңда Құран кітабы Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени корық музейінің корында сактаулы тұр.



## СРЕДНЕАЗИАТСКИЙ

## Элем

Жұма, 2 сәуір, 2021 жыл

№13 (895)

7

# ТАШКЕНТТІ ЖҮГІРІП ӨТКЕНДЕ

Шекарага келгенде «Назарбаев қайтадан президент болып кеткен бе?» дедім

28 наурызда Ташкент қаласында 3-ші халықаралық марафон өтті. Әуесқой жүгіруші ретінде сол марафонға қызықтаң барған едік, Ташкент көргенімізді білдіріп, кадрга іліккен фотоларды назарларыныңға ұсынғанды жөн көрдік.

Шымкенттен кеш шығып, «Жібек жолы» кеден бекетіне кас қарая жеткен едік, бір топ келиншек аяғымызды жерге тиғізбестен, таксиден жұлып алды. Алдымызға «арқан көріп» койған екен, акша аудармасақ жібермейтін түрлері бар. Каспийлеріне 25 мыңнан аударып беріп едік, табан астында жартылай миллионер ғып жіберді. 600 мыңнан аса сомды қаранғыда қайта қайта санап, қара терең түстік.

Шекарадан жылдам өтіп алған соң Ташкентке такси ұстадық. Мені бірінші таңқалдырғаны оның бағасы – 60 мың сом! Тенгеге шакқанда соншалықты көп емес (2500 теңге шамасы) екенин түсіну ғе қанша тырыссам да, бар болған 20 шақырын жерге көп ақшаның бетіне қаралып 60 мыңға (!) такси жалдау, шектен шыққандай көnlімде тұрып алды. Екінші таңқалдырғаны лицензиясы бар таксиде ковидке карсы амал бар екен. Соны түнде фотога дұрыстап түсіре алмagan едім, ертесін саты түсті (Жоғарыдағы фотода антиковидтаксидің жолаушылары – әуесқойдан кесілкій желаяқтыққа ауысады жоспарлап жүрген Еренгайып пен Нұрсұлтан).

Алматыдан алып барған ПЦР ковид тесті шекарадан өтер кезде ешкім сұраған жоқ (Қайтар кезде сұрады, бірақ, тексермелі). Өзбекстан жағына бұл анықтама жаралмайды екен. Сондықтан, ақысын төлеп, жедел тестен өттік. Жолаушылардың сөзіне қарғанда, екі елдің арасында осы ковид тестке қатысты бір ізділік жоқ. Соның кесірінен жолаушылар әуреге көп түсіп, алаяқтарға алданып жүр.

Түсінгендім, биыл Ташкентте карантин жоқ. Мекемелер жұмыс істеп тұр. Жаппай вакцинация жүріп жатыр. Өзбек радиосы дәл сол күні Өзбекстанға Қытайдың Sinovac Biotech компаниясы жасаган CoronaVac вакцинасының алғашқы бір миллион данасы жеткізілгенін хабарлады. Өз құлағыммен

естігеп бұл ақпаратқа біразга дейін сене алмай жүрдім. Неге десеңіз, Қытайдың CoronaVac вакцинасы қазір әлемдегі ең тиімді, ең күшті вакцинаның бірі боп тұр. Дәл осы вакцинаны Түркия президенті Т.Ердоғаның өзі салдырыған. Түркия халқы осы вакцинаны жаппай салдырып жатыр. Біздің үкімет осы вакцинаны алдырып көліссөзін енді ғана бастады. Ал Өзбекстан вакцинаның алғашқы легін алып та үлгеріпти.

Айтпакшы, түндөлөтіп барған конактыймізге әрек кірдік. Барсак, «орын жоқ» дейді. Алдын ала брондағанымызды, хат жазғанымызды, телефон сокқанымызды айтсақ та, «иә, бәрін білеміз. Бірақ, орын йоок» деп, күліп тұрды. Сонымен, турист күтіп әбден машықтанған әйдік конакүйдің екімшілігімен айғайласып жүріп бір түнеп, таңтерен басқа қонақ үй ізден кеттік.

Бұл қунді Төле би бабамыздың кесенесі барып, зиярат етіп, құран оқытумен бастадық. Біз барған сәтте бабаның басына келуші көп болды. Бір топ жамағат Астанадан, енді бірі Карагандыдан келгендерін айтып жатты.

Төле би құлпытасындағы жазу. Төле би заманында Ташкент қаласы Қазақ хандығының астанасы болған.

Әзбектер Қарлығаш әулие деп атап кеткен Төле би бабаның басынан шығып, Шағатай зиратында жол бастадық. Шағатай зиратында Өзбекстанның зиялы қауым өкілдері қойылған, қазіргі тілмен айтқанда үлттық пантеон. Зираттың күтімі жақсы, тазалығы бірден байқалады.

Бұл зиратта Абылайханның үрпағы, Кенесары ханың шөбересі, Ахмет сұлтанның немересі, Әзімханның ұлы Нәтай жерленген. Өзбекстан Фылым Академиясының корреспондент мүшесі Нәтай Әзімханұлы Өзбекстандағы гидрогеология және инженерлік геологияның негізін қалаушылардың бірегейі. Негізі Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында ғылымдағы жолын Нәтай Кенесарин Қазақстанда бастаған. Бірақ, Кенесарин фамилиясынан бас тартпаған соң, төренин тұқымы болған соң қызыл партияның шолак белсенділірі соңынан шам алып түсіп, тыныштық бермен. Осылайша азыл азамат Ташкентке кетіп, Өзбекстан ғылыминың өркендеуіне айрықша үлес

қоскан. 1908 жылы қазіргі Түркістан облысының Төле би ауданында дүниеге келген Нәтай Кенесарин 1975 жылды 16 сәуірде Ташкент қаласында қайтыс болған екен.

Шағатай зиратында сондай-ак, ұлттық казақ, Ташкентте 1904 жылы дүниеге келіп, 1974 жылы жолсапарда Нұкісте қайтыс болған, Өзбек КСР-інің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО халық суретшісі, КСРО Көркемсүрт академиясының тольық мүшесі Орал Таңсықбаев жа жерленген. Жалпы Таңсықбаевты өзбектердің Қастееві десек артық айтқанымыз емес. Ташкенттің ортасындағы мұражай-үйіне арнайы барып шықтық. Бір айта кетерлігі, Ташкентте мұндай мұражай-үйі саусақпен санарлық. Таңсықбаевка деген құрметтің арқасында болар

1960 жылдардағы жер сілкінісінен кейін бүкіл советтік құрылымынан салынған қала болған соң ба, орталығында мінгескен, тірекен, сірекен гимараттар жоқ. Аулалары ат шаштырым. Қөшелері кен. Кептелісі жоқ. Жаңа құрылым сол әдемілікті шатпактап бұзайын деп түрғандай.

Айтпақшы, Ташкенттегі 99 пайыз жеңіл колік өздерінде шығатын Chevrolet колігі екен. Оның 80 пайызы ақыны тусти. Сондықтан қоныр-қара тусти колік көрсөніз, көзініз куанады. Яндекс такси косымшасы арқылы таксиге де отырып көрдік. Бірақ, Ташкентте Яндекс такси секілді қосымшалар интернеттің нашарлығынан дұрыс істемейді екен. Айтқан, көрсеткен жерінді табу киын. Адасын әүре боласын. Гарышта жоғалып кетсе де, ҚазСаттан бізге қайыр болыпты

ғой дейсің ішінен.

Пахтакор стадионындағы жазу: Көкте мәңгі қалған жүлдіздар. 1970 жылы әуеде екі ұшақ соғысып, апарттан жолаушылардың бәрі қаза тапқан болатын. Сол ұшақтың бірінде Пахтакор футбол командасы болған еді...

Ташкенттегі Чорсу базары. Шығыстық сәулет ерекшелігімен бірден көзге түседі. Чорсу базарында осындағы үлттық әшекейлердің көргенде ғана өзінді Ташкентте жүргендей сезінесін.

мұражай үйіне кіру тегін екен. Мемлекет

қарауында. Қызметкерлер “былтыр

карантинде келуші сап тыбылып еді,

енди-енди кісі келе бастады” дейді. Орал

Таңсықбаевқа Қазақстанның құрметі

де ерекше, оның атында Алматыда

сөндік-колданбалы өнер колледжі

бар. Орал Таңсықбаевтың жас кезінде

салған авангард стилиндегі керемет

картиналары қазір Нұкістегі И.В.

Савицкий атындағы Мемлекеттік өнер

мұражайында сақтаулы тұр. Алматыдағы

музейде де суретшінің біраз енбектері бар.

Орал Таңсықбаевтың жатын болмас.

Ташкентке кеп тұрып, палау жемесен, Ташкент көрмегенің деген соң,

жергілікті жүрт мактаған Бес қазан палау

орталығына да барып қайттық.

Қазан тұбіндегі палауды жабуга бес

табақ та жетпейді

Бұл қазанда бір жылқының еті емін

еркін піседі дейді

Әлемдегі ең дәмді палау осы казанда

піседі дейді аспаз.

Ташкенттегі “Бес қазан” кафесі.

Жалпы, Өзбек асханасы мықты

дегенімен, 4-5 жерден тамақ ішкенде

байқаным, қызмет көрсете сапасы

көнілден шыға бермейді екен. Менің

жеке ойымша, Алматы мен Шымкент

даяшылары элде кайда мәдениетті, әлде

кайда шапшаш кимылдайды. Ташкент

кафелері ыдыс-аяқтарының сапасына

да, тазалығын да карамайтындей эсер

калдырыды.

Қашедегі көрініс. Нан сатушы.

Жергілікті тұрғындар Ташкенттегі ең көп

айлық 6 миллион сом (250 мың теңге)

дайді. Еңбек өтілі жоғары мұғалімдердің

айлығы 3-4 миллион сом. Жұрт саяси

әнгіме айтудан қашқақтайды. “Билік

ауысқалы жағдай жақсырды ма?”

деп сұрасаныз, коронавируста катты

киналғандарын айтады. Өзбекстан

Каржы министрлігінің дерегі бойынша,

осы жылдың басындағы жағдайда

Өзбекстанның сыртқы қарызы 23,3

миллиард долларға жеткен. Бұл елдің

ішкі өнімінің 40,4 пайызы. Қарыз сонғы

екі жылда екі ессе есекен.

Өзбекстанның сыртқа қарызымен

катар, Ташкенттегі құрылымында

да көбейе бастағандай. Жалпы, Ташкент

тынысы кең қала екен. Ауасы тап-таза.

Қайтар кезде шекарада ұзын-сонар кезекте тұрған Өзбекстан азаматтары карыс алды. Аулада ПЦР анықтамасын 100 мың сомға саудалап жүрген сатушы көп. Ал шекара бекетіндегі бір кабырғаға Ш.Мирзиёев пен Н. Назарбаевтың қол алысып тұрған үлкен суретті ілініпти. Оны көргенімде “Назарбаев қайтадан президент бол кеткен бе?” деп бір сатке орындыма тұрып қалдым. Сосын, телефономыма шырт еткізіп фотоға түсірген едім, желкемде тұрған өзбек шекарашысы “не осында қаласын, не өшірсін” деген талап қойды. Басқа шекарада тұрсаң, кала салуым әбден мүмкін еді.

Руслан ЕРБОТА



